

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру туралы хаттама жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 27 қыркүйектегі N 951 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру туралы хаттаманың жобасы мақұлданын.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру туралы хаттама жасалсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру туралы хаттама

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі,

Еуразия экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің біріздендірілген сауда режимдерін қалыптастыру және үшінші елдер рыноктарында теңгерімді сауда саясатын жүргізу мақсатында,

1995 жылғы 6 және 20 қаңтардағы Кеден одағы туралы келісімдерге, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістік туралы шартқа және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартқа сәйкес қабылданған міндеттемелерді толық көлемде орындауға дайындықтарын білдіре

о т ы р ы п ,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

" **сауда режимі** " - халықаралық шартпен және (немесе) ұлттық заңнамамен белгіленген тауарларды әкелу және (немесе) әкету тәртібін реттейтін шаралар

ж и ы н т ы ғ ы ;

" **еркін сауда режимі**" - оған сәйкес Тараптар өзара саудада Тараптардың бірінің кедендік аумағынан шығарылатын әрі әкелінетін және халықаралық шарттарда көзделген шараларды қоспағанда, басқа Тараптың кедендік аумағына әкетуге арналған тауарларды әкелуге және әкетуге баламалы әрекеті бар сандық шектеулерді, кедендік баждарды, салықтар мен алымдарды қолданбайтын сауда режимі;

" **неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі (НҚР)** " - оған сәйкес Тараптар өзара саудада Тараптардың бірі кез келген үшінші елден шығарылатын кез келген тауарға қатысты ұсынатыннан қолайлылығы кем емес құқықтар, артықшылықтар мен жеңілдіктер беретін сауда режимі. Тараптар үшінші елдермен саудада мыналарға:

1) осындай баждар мен алымдарды алу тәсілін қоса алғанда, кедендік баждарға және кедендік алымдарға ;

2) кедендік ресімдеуге, транзитке, қоймаға қоюға және қайта тиеуге жататындарын қоса алғанда, әкелуге және әкетуге байланысты реттеу және ресмилік ережелеріне;

3) тауарларды әкету және әкелу кезінде қолданылатын ішкі салықтар мен алымдарға ;

4) ішкі рынокта тауарларды сатып алуға, сатуға, тасымалдауға, бөлуге, сақтауға және пайдалануға қатысты НҚР ұсынады ;

" **преференциялық режим** " - кедендік әкелу баждарын салудан босату немесе кедендік әкелу баждарының ставкаларын төмендету не дамушы және анағұрлым нашар дамыған елдерде шығарылған тауарлардың преференциялық әкелінуіне тарифтік квоталар белгілеу түрінде үшінші елдермен саудада артықшылық беретін сауда режимі.

2-бап

Тараптар үшінші елдерге немесе елдердің экономикалық бірлестіктеріне Тараптар бір-біріне ұсынатыннан анағұрлым қолайлы сауда режимін ұсынбайды.

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің сауда режимдерін үйлестіру және (немесе) біріздендіру жолымен үшінші елдерге қатысты бірыңғай сауда режимдерін кезең-кезеңмен белгілеу бойынша келісілген іс-қимылдар жасайды.

Тараптар дамушы және анағұрлым нашар дамыған елдердің экономикалық дамуына жәрдемдесуге бағытталған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін қалыптастырады.

3-бап

Т а р а п т а р :

Сауда режимдері оларға қатысты біріздендірілген үшінші елдердің және елдердің экономикалық бірлестіктерінің базалық тізбесін (1-қосымша);

ЕурАзЭҚ-қа мүше үш немесе төрт мемлекеттің сауда режимдері оларға қатысты

сәйкес келетін үшінші елдердің және елдердің экономикалық бірлестіктерінің тізбесін (2-қосымша) айқындады.

4-бап

Сауда режимі оларға қатысты біріздендірілген үшінші елдердің және елдердің экономикалық бірлестіктерінің базалық тізбесі сауда режимдерінің мынадай түрлері бойынша сараланды:

неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі;
еркін сауда режимі.

Тараптар үшінші елдерге қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағын қалыптастыру аяқталғанға дейінгі өтпелі кезең ішінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірыңғай сауда режимдерін қалыптастыру мақсатында үшінші елдердің және елдердің экономикалық бірлестіктерінің базалық тізбесін толықтыру жөнінде шаралар қабылдайтын болады.

5-бап

Тараптар, бірінші кезекте, ЕурАзЭҚ-қа мүше үш немесе төрт мемлекеттің сауда режимдері біріздендірілген үшінші елдермен сауда режимдерін белгілеу жөнінде келіссөздер жүргізеді.

Тараптар келіссөздер аяқталғаннан кейін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитетіне үшінші елдерге қолданылатын сауда режимдерін біріздендіру жөніндегі келіссөздердің барысы туралы хабарлайды.

6-бап

Дамушы және дамыған елдерге қатысты тарифтік преференциялардың бірыңғай жүйесін қолдану осы Хаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын тиісті тізбелердің негізінде жүзеге асырылады:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы дамушы елдердің базалық тізбесі (3-қосымша),

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы анағұрлым нашар дамыған елдердің тізбесі (4-қосымша),

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумақтарына тауарларды әкелу кезінде оларға қатысты тарифтік преференциялар ұсынылатын дамушы елдерден және анағұрлым нашар дамыған елдерден шығарылатын тауарлардың базалық тізбесі (бұдан әрі - Тауарлардың базалық тізбесі) (5-қосымша).

7-бап

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесі шеңберінде пайдаланушы дамушы елдерге преференциялық режим ұсыну мынадай көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады:

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер халқының жан басына шаққандағы орташа өлшемді жалпы ұлттық өніміне (бұдан әрі - ЖҰӨ) қатысты пайдаланушы ел халқының жан басына шаққандағы ЖҰӨ деңгейі;

пайдаланушы елдің тауарлар экспортының деңгейімен халықтың жан басына шаққандағы табысын байланыстыратын формула бойынша есептелетін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің орташаланған даму индексіне қатысты даму индексі.

Тараптар даму индексі бойынша елдік дәйектеме қағидатын басым деп таниды.

Даму индексінің базасында елдік дәйектеме ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің соған ұқсас орташаланған көрсеткішімен салыстырғанда пайдаланушы елдің экономикалық даму деңгейін айқындайды.

Тараптар преференциалық режимді ұсыну кезінде өзінің ұлттық мүдделерін ескеруге құқылы.

8-бап

Тараптар жыл сайын 15-бапқа сәйкес осы Хаттаманың 3 және 6-баптарында көрсетілген тізбелерге ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты біріздендірілген сауда режимдерін және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің бірыңғай кедендік аумағын белгілеу мақсатында оларды бірыңғай (біріздендірілген) тізбелерге қайта тізу үшін өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

9-бап

Тараптар Сауда режимдері оларға қатысты біріздендірілген үшінші елдердің және елдердің экономикалық бірлестіктерінің базалық тізбесіне кіретін елдерге қатысты сауда режимдерін өзгерту жөнінде шешімдер, сондай-ақ осы Хаттаманың 6-бабында көрсетілген тізбелерге ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер үкіметтерінің ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесі бекітетін сыртқы сауда қызметін реттеу мәселелері жөніндегі шешімдерінің жобаларын келісу тәртібі мен оларды қабылдау тәртібі туралы қолданыстағы ережеге сәйкес өзгерістер және толықтыруларды қабылдайды.

10-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумағында шығарылатын және оған әкелінетін әрі ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тарифтік преференцияларының

бірыңғай жүйесін пайдаланушы анағұрлым нашар дамыған елдерден осы Хаттамаға 5-қосымшада көрсетілген Тауарлардың базалық тізбесінің шеңберінде шығарылатын тауарларға қатысты кедендік баждарды қолданбайды.

11-бап

Тараптар осы Хаттаманың 5-қосымшасында көрсетілген Тауарлардың базалық тізбесі шеңберінде ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланатын дамушы елдерде шығарылатын және ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумақтарына әкелінетін тауарларға қатысты ЕурАзЭҚ Жалпы кедендік тарифінің Базалық тізбесі ставкаларының немесе ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер кедендік тарифтерінің 75 пайызы мөлшерінде кедендік баждар ставкаларын қолданады.

12-бап

Тараптар ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің тарифтік преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы елдерден шығарылатын және әкелінетін тауарлар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы аясында 1996 жылғы 12 сәуірде жасалған Жалпы преференция жүйесінің шеңберінде тарифтік преференциялар беру кезінде дамушы елдер тауарларының шығуын айқындау ережесі туралы келісімге сәйкес тауарлардың шыққан елін айқындау өлшемдеріне сәйкес келуі тиіс екенін белгіледі.

13-бап

Тараптар қажет болған кезде оларға қатысты ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумақтарына әкелу кезінде тарифтік преференциялар ұсынылатын және осы Хаттамаға 5-қосымшада көрсетілген Тауарлардың базалық тізбесіне енгізілген, әкелінетін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің экономикасы үшін әсері бар тауарларға тарифтік квоталар енгізе алады.

Бұл ретте осы тауарларға белгіленген квоталардың шегінде тарифтік преференциялар қолданылады. Осы тауарларды әкелуге арналған квоталардың көлемі асып кеткен жағдайда тауарларды әкелудің белгіленген квотадан асып түсетін барлық көлеміне ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің жалпы кедендік тарифінің немесе ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік тарифтерінің Базалық тізбесі кедендік әкелу баждарының қолданыстағы ставкалары мөлшерінде кедендік әкелу баждарының ставкалары қолданылады.

14-бап

Осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға қатысты туындауы мүмкін даулы мәселелер мүдделі Тараптардың консультациялар мен келіссөздер жүргізуі арқылы шешіледі. Даудың көрсетілген әдістермен шешілуі мүмкін болмаған жағдайда дауласушы Тараптар (немесе олардың бірі) ЕурАзЭҚ Сотына жүгіне алады.

15-бап

Осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша енгізіледі және осы Хаттаманың 16-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Осы Хаттама депозитарийі болып табылатын ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық Комитетіне Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама тапсырылған күнінен бастап күшіне енеді.

200_ " _ " _____ қаласында орыс тіліндегі бір түпнұсқа данада ж а с а л д ы .

Осы Хаттаманың түпнұсқа данасы оның куәландырылған көшірмесін әрбір Тарапқа жіберетін Депозитарийде сақталады.

<i>Беларусь</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Қырғыз</i>
<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
	<i>Р е с е й</i>	<i>Т ә ж і к с т а н</i>
	<i>Федерациясының</i>	<i>Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>	
	<i>Жоба</i>	

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің үшінші
елдерге қатысты сауда
режимдерін біріздендіру
туралы хаттамаға

1-қосымша

**ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің оларға қатысты сауда
режимдері біріздендірілген үшінші елдер мен елдердің
экономикалық бірлестіктерінің базалық тізбесі**

№N	Мемлекеттің атауы
Неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі	

1.	Австралия
2.	Болгария
3.	Еуропалық Одақ
4.	Израиль
5.	Үндістан
6.	Канада
7.	Катар
8.	Куба
9.	Малайзия
10.	Монғолия
11.	Пәкістан
12.	Румыния
13.	АҚШ
14.	Түркия
15.	Швеция
16.	Швейцария
Еркін сауда режимі *	
1.	Армения
2.	Әзірбайжан
3.	Молдова
4.	Өзбекстан
5.	Украина

Е с к е р т п е

* - ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 70 шешімімен біріздендірілген еркін сауда режимінен алуға жататын тауарлар

Жоба

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің үшінші
елдерге қатысты сауда
режимдерін біріздендіру
туралы хаттамаға

2-қосымша

**ЕурАзЭҚ-қа мүше үш немесе төрт мемлекеттің сауда режимдері
оларға қатысты сәйкес келетін үшінші елдердің тізбесі**

№N	Мемлекеттің атауы
Неғұрлым қолайлы жағдай жасау режимі**	
1.	Вьетнам (Қырғыз Республикасы)
2.	Иран (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы)

3.	Кипр (Қазақстан Республикасы)
4.	Қытай (Қазақстан Республикасы)
5.	Кувейт (Қазақстан Республикасы)
6.	Сирия (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы)
7.	Югославия (Сербия және Черногория) (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы)
8.	ОАР (Қазақстан Республикасы)
Еркін сауда режимі *	
1.	Грузия (Қырғыз Республикасы)
2.	Түркіменстан (Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы)

Е с к е р т п е

* - ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық Кеңесінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 70 шешімімен біріздендірілген еркін сауда режимінен алуға жататын тауарлар

** - көрсетілген елмен осы сауда режимін орнатпаған ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер курсивпен алынған

Жоба

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің үшінші елдерге қатысты сауда режимдерін біріздендіру туралы хаттамаға

3-қосымша

ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер преференцияларының бірыңғай жүйесін пайдаланушы дамушы елдердің базалық тізбесі*

N	Мемлекеттің атауы
1.	Алжир
2.	Ангола
3.	Ангилья
4.	Аргентина
5.	Аруба
6.	Багам аралдары
7.	Барбадос
8.	Бахрейн
9.	Белиз
10.	Боливия
11.	Бразилия
12.	Британ Виргин аралдары
13.	Бруней

14.	Венесуэла
15.	Вьетнам
16.	Гайана
17.	Габон
18.	Гана***
19.	Гватемала
20.	Гондурас
21.	Доминика**
22.	Доминикан Республикасы
23.	Египет
24.	Зимбабве
25.	Үндістан
26.	Индонезия
27.	Иордания
28.	Ирак
29.	Иран
30.	Кайман аралдары
31.	Камерун
32.	Катар
33.	Кения
34.	Қытай
35.	КХДР
36.	Колумбия
37.	Конго**
38.	Коста-Рика
39.	Кот-д'Ивуар
40.	Куба
41.	Кувейт
42.	Кука аралдары
43.	Ливан
44.	Ливия
45.	Маврикий
46.	Малайзия
47.	Марокко
48.	Маршалл аралдары
49.	Микронезии
50.	Мексика
51.	Монғолия**
52.	Монтсеррат
53.	Намибия
54.	Науру
55.	Нигерия***

56.	Никарагуа
57.	Ниуэ
58.	Біріккен Араб Әмірліктері
59.	Оман
60.	Әулие Елена аралдары
61.	Теркс және Кайкос аралдары
62.	Пәкістан
63.	Панама
64.	Парагвай
65.	Перу
66.	Сальвадор
67.	Сауд Аравиясы
68.	Свазиленд
69.	Сейшель аралдары
70.	Сенегал
71.	Сент-Винсент және Гренадины**
72.	Сирия
73.	Сингапур
74.	Суринам
75.	Таиланд
76.	Токелау
77.	Тонга***
78.	Тринидад және Тобаго
79.	Тунис
80.	Түркия
81.	Уругвай
82.	Фиджи
83.	Филиппины
84.	Чили
85.	Шри-Ланка
86.	Эквадор
87.	Ямайка

Е с к е р т п е

_____ ** - Тәжікстан Республикасы преференциялық режим ұсынуға болады деп санайтын мемлекеттер;

*** - Қырғыз Республикасы преференциялық режим ұсынуға болады деп санайтын мемлекеттер;

**** - ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер өздерінің ұлттық преференциялар жүйелеріне сәйкес осы тізбеге енбеген дамушы елдерге қатысты преференциялық режим қолдануы мүмкін.

Жоба

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің үшінші
елдерге қатысты сауда
режимдерін біріздендіру
туралы хаттамаға

4-қосымша

**ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттер преференцияларының бірыңғай
жүйесін пайдаланушы неғұрлым нашар дамыған елдердің
тізбесі**

Мемлекеттің атауы	
1. Ауғанстан	25. Мали
2. Бангладеш	26. Мавритания
3. Бенин	27. Мозамбик
4. Ботсвана	28. Мьянма
5. Бутан	29. Малави
6. Буркина-Фасо	30. Мальдивы
7. Бурунди	31. Непал
8. Вануату	32. Нигер
9. Гамбия	33. Руанда
10. Гаити	34. Самоа
11. Гвинея	35. Сан-Томе және Принсипи
12. Гвинея-Бисау	36. Сьерра-Леоне
13. Джибути	37. Соломон аралдары
14. Замбия	38. Сомали
15. Йемен	39. Судан
16. Камбоджа	40. Того
17. Кабо-Верде	41. Тувалу
18. Комор аралдары	42. Танзания
19. Конго	43. Уганда
20. Кирибати	44. Орталық Африка Республикасы
21. Лаос	45. Чад
22. Лесото	46. Экваториалдық Гвинея
23. Либерия	47. Эфиопия
24. Мадагаскар	

Жоба

Еуразия экономикалық
қоғамдастығына мүше
мемлекеттердің үшінші
елдерге қатысты сауда

режимдерін біріздендіру
туралы хаттамаға

5-қосымша

**ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің кедендік аумағына импорты
кезінде тарифтік преференциялар берілетін дамушы және
неғұрлым нашар дамыған елдерден шығатын тауарлардың
базалық тізбесі**

ЕурАзЭҚ СЭҚ ТН бойынша тауардың коды	Тауар позицияларының атауы
0301	Тірі балық (бекіре мен албырт балықтан өзге)
0302	0304 тауар айқындамасының балық сүбесін және балық етінен басқа (бекіре еті мен албырт балық және олардан алынған уылдырықтардан өзге) жас немесе тоңазытылған балық
0303	0304 тауар айқындамасының балық сүбесін және балық етінен басқа (бекіре еті мен албырт балық және олардан алынған уылдырықтардан өзге) мұздатылған балық
0304	Жас, тоңазытылған немесе мұздатылған балық сүбесі мен өзге балық еті (тартылған етті қоса алғанда)
0306	Шаянтекестер, сауыттағы немесе сауытсыз, тірі, жас, тоңазытылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы; сауыттағы шаянтекестер, буға немесе ыстық суға пісірілген, тоңазытылған немесе тоңазытылмаған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы шаянтекестерден алынатын тамаққа пайдалану үшін жарамды майда және ірі тартылған ұн және түйіршіктер
0307	Ұлулар, бақалшықтағы немесе бақалшықсыз, ірі, жас, тоңазытылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы; шаянтекестер мен ұлулардан ерекшеленетін өзге де су омыртқасыздары, тірі, жас, тоңазытылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы; өзге де су омыртқасыздарынан алынатын тамаққа пайдалану үшін жарамды майда және ірі тартылған ұн және түйіршіктер
05	Басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген жануарлардан алынған өнімдері
06	Тірі ағаштар және басқа да өсімдіктер; пияздар, тамырлар және өзге де ұқсас бөліктері; кесіп алынған гүлдер және сәндік өсімдіктер
07 (0701, 0703-тен басқа)	Көкөністер және кейбір жеуге жарайтын тамыр тұқымдары мен түйнек жемістер (жанадан піскен немесе тоңазытылған картоптан, басты пияздан, шалот пиязынан, сарымсақ, порея пиязынан өзге және жаңа піскен немесе тоңазытылған өзге де пиязшық көкөністер)
08	Жеуге жарамды жемістер мен жаңғақтар; цитрустылардың немесе қауындардың қабықтары мен қыртыстары
09	Кофе, шай, мате, немесе парагвай шайы және тәттілер
12	Майлы тұқымдар мен ұрықтар; өзге де тұқымдар, ұрықтар мен дән; дәрілік өсімдіктер мен техникалық мақсаттарға арналған өсімдіктер; сабан мен жжем
13	Табиғи тазаланбаған малшайыр; шайырлар, камедтер және өзге де өсімдік шырындары мен сығындылары

14	Өрме бұйымдар дайындауға арналған өсімдік материалдары; басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген өсімдіктен алынған өзге де өнімдер
15 (1509, 1517-1522 00-ден басқа)	Жануарлардан және өсімдіктерден алынатын тоң майлар мен май және оларды ажырату өнімдері; дайын тамақтық тоң майлар; жануарлардан немесе өсімдіктерден алынатын балауыздар
16 (1601 00, 1602, 1604 30-дан басқа)	Еттен, балықтардан немесе шаянтектестерден, ұлулардан және өзге де су омыртқасыздан жасалатын дайын өнімдер
1801 00 000 0	Бүтін немесе ұсатылған, шикі немесе қуырған какао-бұршақбастары
1802 00 000 0	Какао қауызы қабығы, қабықшасы және өзге де қалдықтары
2103	Тұздықтар дайындауға арналған өнімдер және дайын тұздықтар; дәмдеуіш қосындылар және аралас дәмдеуіштер; қыша ұнтағы және дайын қыша
2104	Дайын көже және сорпа; гомогендендірілген құрамды дайын тағамдық өнімдер
2401	Темекі шикізаты; темекі қалдықтары
2 5 (250100 91, 2501 00, 2503 00, 2523, 2529 21 000 0, 2529 22 0000-ден басқа)	Тұз; күкірт; топырақ және тас; сылақ материалдары, әк тастары мен цемент
26	Кендер, қож және күл
3003	Екі немесе одан көп құрамдас бөліктерден тұратын терапевтік немесе алдын алу мақсаттарына арналған (3002, 3005 немесе 3006 тауар позицияларынан басқа), бірақ бөлшек сауда үшін мөлшерленген дәрілік нысандар түрінде немесе орамдарға бөлшектеп салынбаған дәрілік заттар
32	Илегіш және бояғыш экстракттар; таниндер және олардың туындылары; бояғыштар, пигменттер және басқа бояғыш заттар; бояулар мен лактар; тығыздағыштар мен мастикалар; баспаханалық бояу, сия, тушь
3301	Конкреттерді және абсолюттерді қоса алғанда, эфир майлары (құрамында терпендер бар немесе жоқ); резиноидтер; экстрагирленген эфир майлары; майлардағы, ұшпайтын майлардағы, балауыздағы немесе анфлераж немесе мацераций әдісімен алынатын ұқсас өнімдердегі концентраттар, эфир майларын детерпенизациясының терпендік жанама өнімдері; су дистилляттары және эфир майларының су ерітіндері
3302	Өнеркәсіптік шикізат ретінде қолданылатын, хош иісті заттардың қоспалары және сондай бір немесе одан көп заттардың негізіндегі қоспалар; сусындар өндірісі үшін қолданылатын хош иісті заттардың негізіндегі басқа препараттар
3402	Беттік-белсенді органикалық заттар (сабыннан басқа); беттік-белсенді құралдар, жуғыш заттар (қосалқы жуғыш заттарды қоса алғанда) және тазалайтын, құрамында сабын болатын немесе болмайтын құралдар (3401 тауар позициясының құралдарынан басқа)
35	Белоктық заттар; өзгертілген крахмалдар; желімдер; ферменттер
3923	Пластмассадан жасалған тасымалдауға немесе орауға арналған бұйымдар; пластмассадан жасалған тығындар, қақпақтар, қалпақшалар және тығындауға арналған басқа да бұйымдар
4001	Бастапқы нысандардағы немесе пластиналар, табақтар немесе белдіктер немесе ленталар түріндегі табиғи каучук, балата, гуттаперча, гваюла, чикл және ұқсас табиғи шайырлар
4403 41 000 0	Өңделмеген, қабығы мен жұқа сірке қабығы алынған не алынбаған немесе долбар кесілген немесе кесілмеген ағаш материалдары, осы топ субпозицияларына 1 ескертуде көрсетілген өзге тропикалық тұқымдардың сүректерінен, кара-қызыл сүректі шорейя және бакау шорейя

4403 49	Өңделмеген, қабығы мен жұқа сірке қабығы алынған не алынбаған немесе долбар кесілген немесе кесілмеген ағаш материалдары, осы топ субпозицияларына 1 ескертуде көрсетілген өзге тропикалық тұқымдардың сүректерінен, өзгелері
4407 24 - 4407 29	Өн бойымен аралған немесе уатылған, қабаттарға бөлінген немесе аршылған, сүргіленген немесе сүргіленбеген, тегістелген немесе тегістелмеген, қалыңдығы 6 мм астам жанама қосылыстары бар немесе жоқ ағаш материалдары, осы топтың субпозициясына 1 ескертуде көрсетілген тропикалық тұқымдас сүректерден
4420	Таскестелік және ойып безендірілген бұйымдар; ағаштан жасалған зергерлік және пышақтық немесе ұқсас бұйымдарға арналған қобдишалар және қораптар; ағаштан жасалған мүсіншелер және басқа сәндік бұйымдар, 94-топта көрсетілмеген ағаштан жасалған жиһаздық заттар
4421	Ағаштан жасалған басқа бұйымдар
45	Тығын және одан жасалған бұйымдар
46	Өруге арналған сабаннан, альфадан және өзге материалдардан жасалған бұйымдар; себеттік бұйымдар және өрілген бұйымдар
50	Жібек
53	Өзге де өсімдіктен жасалған тоқыма талшықтары; қағаздан жасалған иірімжіп және қағаздан жасалған иірімжіптен тоқылған маталар
56	Мақта, киіз немесе фетр және маталық емес материалдар; арнайы иірімжіп; жіңішке арқандар, қысқа жіптер, арқандар мен жуан арқандар және олардан жасалған бұйымдар
5808	Тоқылған қиық бау; машинамен немесе қолмен тоқылған тоқымалардан басқа, кестесіз қиық бөліктердегі әрлеу материалдары; қылқаламдар, бумашашақтар және соған ұқсас бұйымдар
6702 90 000 0	Жасанды гүлдер, жапырақтар және жемістер және оның бөліктері; жасанды гүлдерден, жапырақтардан және жемістерден және оның бөліктерінен жасалған бұйымдар (пластмассадан басқа)
6913	Мүсіншелер және қыштан жасалған өзге де әсемдік қыш бұйымдары
6914	Өзге де қыш бұйымдары
7018 10	Шыны моншақтар, інжуге ұқсатылған бұйымдар, қымбат бағалы және жартылай қымбат бағалы тастар және шыныдан жасалған шағын ұқсас пішіндер
7117	Бижутерия
9401 50 000 0	Қамыстан, лозадан, бамбуктан немесе соған ұқсас материалдардан жасалған отыруға арналған жиһаздар
9403 80 000 0	Қамыстан, лозанды, бамбукты немесе соған ұқсас материалдарды қоса алғанда, өзге де материалдардан жасалған өзге де жиһаздар
9403 90 900 0	Өзге де материалдардан (ағаштан және металдан басқа) жасалған жиһаз бөліктері
9601	Өңделген және кесу үшін жарамды піл сүйегі, сүйек, тасбақаның тас қабығы, мүйіз, бұғының мүйізі, інжулер, перламуар, жануарлардан алынатын өзге де материалдар және осы материалдардан жасалған бұйымдар (қалыпқа келтіру жолымен алынған бұйымдарды қоса алғанда)
9602 00 000 0	Кесу үшін жарамды, өсімдіктен немесе минералдан шыққан өңделген материалдар және олардан жасалған бұйымдар; балауыздан, стеариннан, табиғи шайырлардан немесе табиғи каучуктан немесе модельді пасталардан жасалған қалыпқа келтірілген немесе оюланған бұйымдар және басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, өзге де қалыпқа келтірілген немесе оюланған; өңделген, қатпаған желатин (35.03 тауар позициясының желатинінен басқа) және қатпаған желатиннен жасалған бұйымдар
9603	Сыпырғыштар, щеткалар (тетіктердің, аспаптардың немесе көлік құралдарының бөлшектері болып табылатын щеткаларды қоса алғанда), еденді тазартуға арналған қозғалтқышсыз механикалық қол щеткалары, швабралар және шаңды қағуға арналған қауырсыннан жасалған сыпырғыштар; сыпырғыштарды немесе щетка бұйымдарын жасау үшін дайындалған түйіндер

	мен будалар; сырлауға арналған жастықшалар мен білікшелер; резеңкелі швабралар (ылғалды алуға арналған резеңкелі білікшелерден басқа)
9604 00 000 0	Елеуіштер мен қол електері
9606	Түймелер, батырмалар, ілгек түймелер, түймелеуге арналған қалыптар және осы бұйымдардың өзге де бөліктері; түймелерге арналған дайындамалар
9609	Жай қаламдар (96.08 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа), түрлі-түсті қаламдар, қаламдардың грифельдері, пастелдер, көмір қаламдары, жазуға немесе сурет салуға арналған борлар және тігіншілерге арналған борлар
9614	Шылым түтікшелері (тостаған тәрізді бөліктерін қоса алғанда), сигарларға немесе темекіге арналған мундштуктар және олардың бөліктері
9615 11000 0	Шашқа арналған тарақтар, тарақшалар және эбониттен немесе пластмассадан жасалған ұқсас заттар
9617 00	Термостар және жинақталған түрдегі өзге де вакуумдық ыдыстар; шиша колбадан басқа, олардың бөліктері
97	Өнер туындылары, коллекциялау және антиквариат заттары

Е с к е р т п е

* - ЕурАзЭҚ-тың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ